

Ормандарда өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 тамыздағы N 1271 Қаулысы

"Өрт қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, "Қазақстан Республикасының Орман кодексіне" сәйкес ормандардағы өрт қауіпсіздігі мен өрт сөндірудің нәтижелілігін арттыру, олардың алдын алу жөнінде қажетті іс-шаралар жүргізу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі:

1) Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару жөніндегі комитетіне 1999 жылы Қазақстан Республикасының ормандар картасын жаңартуды тапсырсын;

2) өртке қарсы қызмет органдарымен бірлесіп, ормандарда Өрт қауіпсіздігінің ережелері сақталуы үшін сақтандыру шаралары мен бақылауды күшейтуге, ормандарды жерде, авиациялық қорғау мен сақтаудың дайындығын қамтамасыз етуге, орман алқаптарының өртке тұрақтылығын арттыруға ерекше көңіл бөле отырып, орман шаруашылықтарын өрттің қауіпті маусымдарына дайындау жөніндегі қажетті кешенді ұйымдастыру шараларын жүзеге асырсын;

3) мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарымен бірлесіп, орман өрттерін сөндіруге қатысатын ұшақтарды, тік ұшақтарды, өрт, апаттан құтқару техникасы мен жабдықтарын пайдалану жөніндегі келген шығынды қаржыландырудың және шығындарды өтеудің шарттарын айқындай отырып, ормандағы өрттерді ескерту, оларды жою мақсатында ормандарды авиациялық қорғау және сақтау қызметі авиациясының ұшақтарымен және тік ұшақтарымен тұрақты қызмет жүргізілуін ұйымдастырсын.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.06.30 N 662, 2008.11.18 N 1068 Қаулыларымен.

2. Қазақстан Республикасының Көлік, коммуникациялар және туризм министрлігі:

1) темір және тас жолдардың бойындағы бөлінген алқаптар аймағында өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдасын;

2) "Қазақстан Темір жолы" ГМК жылжымалы құрамның паркін өрт қауіпсіздігі жағдайына келтіруді қамтамасыз етсін, ол үшін барлық локомотивтерді ұшқын ұстайтын торлы тұншықтырғыштармен қамтамасыз ете отырып, өртке қарсы қорғанудың толық жиынтығы жоқ локомотивтерді пайдалануға жол бермесін.

3. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі ормандағы өрттер бойынша кідіртуге болмайтын шұғыл-іздеу шараларын және тергеу әрекеттерін жүргізудің

сапасын, орман өрттеріне байланысты қылмыстардың ашылуын жоғарылатуды бақылауды күшейтсін.

4. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі: <*>

1) жыл сайын ормандарға немесе тікелей ішіне орналасқан орман шаруашылығы бірлестіктерінің объектілеріне, елді мекендерге, демалыс аумақтарына, санаторийлерге, пансионаттарға және адам көп болатын басқа да объектілерге өрт-техникалық зерттеулер жүргізісін, меншіктің барлық нысанындағы және түріндегі ауыл шаруашылық объектілеріне паспорттандыру жүргізісін және қолда бар өрт сөндіру жарақтарын МЕМСТ талаптарына сәйкестендірсін;

2) жыл сайын көктем-жаз кезеңінде ірі орман өрттерін сөндіруге тартылатын күштер мен құралдардың өзара әрекет жөніндегі жоспарларын пысықтап және үйлестіре отырып, Қазақстан Республикасы Орман шаруашылығы комитетінің өртке қарсы қызмет бөлімшелерімен өрт-тактикалық жаттығуларын жоспарласын және жүргізісін;

3) "Қазақстан Темір жолы" РМК өрт сөндіру бөлімдерімен өрт сөндіруге дайындықты пысықтау мақсатында тиісті жаттығулар жүргізісін.

Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.06.30 N 662 Қаулысымен

5. Алматы, Ақмола, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан облыстарының әкімдеріне Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің келісімі бойынша м ы н а л а р ұ с ы н ы л с ы н :

1) орман өрттері болуы мүмкін аудандарда өрт-химиялық станцияларын, бақылау постарын құруға және жабдықтауға қаражат іздестірсін;

2) өрттің қауіпті маусымында төтенше орман өрті жағдайындағы аудандарға инженерлік техниканы, жанар-жағар материалдарын жедел жеткізу үшін резерв құруды қ а м т а м а с ы з е т с і н ;

3) меншік нысанына қарамастан төтенше жағдайлар аймақтарында орналасқан ұйымдарды орман өрттерін сөндіру үшін тартудың, бұған тартылған адамдарды қатынас құралдарымен, азық-түлікпен және дәрігерлік жәрдеммен қамтамасыз етудің т ә р т і б і н б е л г і л е с і н ;

4) резерв құрамында орман өрттерін жоюға байланысты іс-шараларды қаржыландыру үшін қажетті қаражат қарастырсын;

5) экология және табиғат ресурстарының, ішкі істердің, мемлекеттік өртке қарсы қызметтің аумақтық органдарымен бірлесіп бұқаралық ақпарат құралдары арқылы ормандағы өрттерді ескерту, олардың қауіптілігін және өрт қауіпсіздігінің талаптарын бұзғаны үшін жауапкершілік шараларын түсіндіретін үгіт жұмысын ұйымдастырсын;

6) 1999-2001 жылдар ормандағы өрттердің санын және одан келетін зиянның көлемін тұрақты азайтуды қамтамасыз етуге бағытталған орманды өрттен қорғау

жөніндегі кешенді аймақтық бағдарламалар мен өзара іс-қимыл жоспарын бір ай мерзімде дайындасын және Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің келісімі бойынша бекітсін;

7) халықтың ұйымдасқан демалысы үшін бөлінген орман қорларының учаскелерін көріктендіру жөніндегі іс-шараларды әзірлесін және Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігімен келіссін, бұл учаскелерді өрттің қауіпті кезеңінде мықтап күзетуді ұйымдастырсын.

Ескерту. 5-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2008.11.18 N 1068 Қаулысымен.

6. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің орман өрттерін сөндіруге қатысқан тік ұшақтарын қондыру және орналастыру үшін Алматы, Ақмола, Шығыс Қазақстан, Қарағанды және Павлодар облыстарында орналасқан әскери аэродромдарды пайдалануына рұқсат берсін.

< * >

Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.06.30 N 662 Қаулысымен

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі